

*Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:*

1 автоклав типті лабораториялық қондырғы

2 шыны стакан (100 мл)

1 шыны таяқша

1 бөлгіш воронка (100 мл)

1 пипетка (10 мл)

сүзгі қағаз

1 Шотт сүзгісі (№3)

1 соруға арналған шөлмек

м-аминофенол (2,72 г)

натрийэтилкарбонат (3,08 г)

көміртек диоксиді (баллон)

дистил. су

толуол (21 мл)

тұз қышқылы (конц.)

универсальды индикатор қағазы

Автоклав қондырғысының шыны реакторына (1-сурет) 2,72 г (0,025 моль) м-аминофенол және 3,08 г (0,0275 моль) натрийэтилкарбонатты салады. Автоклавты қымтайды, екі рет ауасын шығару үшін көміртек диоксидімен үрлейді, одан кейін 10 атм қысымға дейін көміртек диоксидімен толтырады және араластырғыш пен қыздырғышты қосады. Реакциялық қоспаның температурасын 3 сағат бойы 160°C-ге дейін көтереді (температураны көтеру жылдамдығы 52°C/сағ) және осы күйде 1 сағаттай ұстайды. Бұдан кейін араластырғыш пен қыздырғышты өшіріп, автоклавты бөлме температурасына дейін салқындатады. Реакциялық қоспаны сумен өңдейді. Өрекеттеспеген м-аминофенолды бөліп алу үшін сулы фазаны толуолмен экстрагирлейді. Органикалық фазадан еріткішті бөліп алған соң 1,0 г м-аминофенол алынады. Сулы фазаны күкірт қышқылымен қышқылдау арқылы 2,7 г (70,4%) п-аминосалицил қышқылы алынады; балку т. 219-220°C; Реакцияға түскен м-аминофенолға қатысты есептегенде, п-аминосалицил қышқылының шығымы 96% құрайды. Әдебиеттік мәліметтер: балку т. 220°C [Справочник химика.- М.:Химия, 1964. Т.2. С.938].